28.08

Атырау облысының ішкі аудит комитеті
облыстық департаментінің бастығына
көшірмесі: Атырау облысы мемлекеттік сатып алулар
жөніндегі басқарма бастығына

«Ар-Иман» мүгедектердің қоғамдық қоры-
-ның директоры Аймағамбетов Сағидолла
Сағынай ұлынан
мекен-жайы:Ақтөбе облысы,Мұғалжар ауданы
Ембі қаласы,Жұбанов көшесі 159үй.
тел:8(71334)90523,22285,+7(771)1029531.
э/адрес:ajmagambetov2013@mail.ru

Шағым

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу конкурсында орын алған заң бұзушылықтарға байланысты.

«Ар-Иман» мүгедектердің қоғамдық қоры **№2755582-ГСЗ1** мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген қызметтерді сатып алу конкурсына **№16137698-ГСЗ5** лоты бойынша катысқан едік. Веб-порталда **28.08.2018ж.(17-47сағатта**)жарияланған корытындылар туралы хаттамада «**Қағиданың 233 тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпарат**» бөлімінде - **8 графа бойынша бізге 0 балл,ал 9 графа бойынша 2 балл** қойылған,бұл мүлдем **негізсіз** және төмендегі дәйекті тұжырымдарға орай:

біріншіден:-4-6 графалар бойынша ең жоғары баллдар қойылған,яғни атап айтқанда:

а)4 графада-2 балл қойылған,демек әлеуетті өнім беруші **ұсынған жоба неғұрлым жоғары сипаттаманы қамтиды**.

б) 5графада-1балл қойылған,яғни қызмет максаты Тапсырыс беруші сатып алатын **қызметтерге сәйкес** келеді.

в)6 графада-3 балл қойылған,демек Тапсырыс берушімен қойылған максаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжей іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшеліктерінде карастырылған **барлық талаптарды қамтиды**.

екіншіден:-біз 2015жылы әлеуметтік бағдарлама бойынша әлеуетті өнім беруші ретінде кызмет көрсеттік,ол құжаттар конкурс құжаттамаларына қоса салынды,атап айтқанда «**ымдау тіліне оқыту»(обучение жестовому языку)** бағдарламасы,сондықтан біздің іс-тәжірибеміз бар және соған орай бізге **-1(бір)балл** қойылуы тиісті.

үшіншіден:-4-6 графаларда жоғары баллдар қойылған жерде,9 графа бойынша -2 балл қойғаны мүлдем орынсыз,**ең бастысы-негізсіз**,бұл жағдайда 4 балл тиесілі.

Жалпы алғанда біздің конкурстық құжаттарымыз үшін критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану барысында ешбір негізсіз **3 балл** төмен қойылған(8 жане9 графа бойынша) демек біздің жалпы балымыз **-9емес, 12балл** болуы керек.

Осы негізде пайыздық баға ұсынысын шартты азайтуды ескеретін болсақ,біздің шартты жеңілдікті есептегендегі бағамыз:**1215000-00теңге**(1350000х10%=1215000)болады.

төртіншіден:барлық **негізгі графалар** бойынша(4-8) екі әлеуетті өнім берушіге **БІРДЕЙ** балл қойып отырып «Ұмтылыс» қоғамдық корына -9графада 4 балл қойғаны **МҮЛДЕМ НЕГІЗСІЗ**,демек олардың жалпы балы-11 емес,9 балл болуы тиіс,яғни шартты жеңілдету мөлшері қолданылмайды,бағасы өзгеріссіз калуы тиіс.

Жоғарыда атап өтілген негізсіз балл төмендету мен негізсіз бал қою айғақтарына орай орын алған заң бұзушылықты жан-жақты тексеріп,тиесілі іс-шаралар алуыңызды сұраймын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті республикалық мемлекеттік мекемесі
ЗТ-А-338 03.09.
КІРІС №

исп 08/09

«Ар-Иман» мүгедектердің қоғамдық
қорының директоры: /С.Аймағамбетов/
Ембі қаласы
Тамыз айының «31»–ші жұлдызы2018 жыл.